

Gymnasium news



ГАЗЕТ ЕКІ АЙДА БІР РЕТ ШЫҒАДЫ

92(6) НАУРЫЗ-СӘУІР

Наурызым – мерекем, Наурызым-берекем!

Наурыз – жыл басы, Ұлыстың ұлы күні. Күн мен түннің, ыстық пен суықтың, қыс пен жаздың, қараңғы мен жарықтың теңелетін, жер арқасы кеңіп, күллі тіршілік әлемі қайта түлейтін Табиғат мерекесі; **Наурыз** – адамдардың қыс қыспағынан, жұт апатынан аман қалып, малы төлдеп, аузы аққа жаритын Шаруа мерекесі; **Наурыз** – әрбір шаңыраққа шыраққа шырақ жағылып, «Қызыр түнін» күтіп, жақсылық құт-береке тілеп, ертеңгі күнге зор үмітпен қарайтын Сенім мерекесі; **Наурыз** – жеті дәмнен **Наурызкөже** жасап, адамдардың бір-біріне дәм татқызып, дастарқан басында бірге отыратын Ынтымақ-бірлік мерекесі; **Наурыз** – жыл бойы өткен-кеткен ренішті кедергісіз кешіріп, ән-күймен, ойын-сауықпен жанды жадыратып, сананы серпілтетін көңіл мерекесі. Тарихи тамыры тереңге бойлаған әз-Наурыз дана халқымызда қай кезде де еңсесі биік елдіктің іргесі сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі болып келген. Қазақстан халқы үшін Наурыз мейрамы – көктем мен жаңаруды айшықтайтын мерейі тасыған ұлы мереке.



Наурыз – көктемгі жаңарудың, махаббаттың, ақ пейіл мен татулықтың мерекесі. Ол – өткенді саралап, болашағымызды болжайтын ерекше кезең. Ақ ниетпен өткенге салауат айтып, ақ тілекпен жаңа Наурызды қарсы алайық! Отанымызға – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – мошшылық, ал әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілейміз. Еліміз өркен жайып, Наурыз баршамызға ынтымақ пен сәттілік алып келсін!

БҰЛ ШЫҒАРЫЛЫМДА:

1-БЕТ

«Наурызым –
мерекем, Наурызым-
берекем!»

Ф.Д.Абдугалиева

2-БЕТ

«Анаға бас иеміз»

3-БЕТ

«Өнегелі өмір» жоба
аясындағы
докторант Смағұлов
Нұртаспен кездесу».

А.Түсүпханов

«Абай дана- Абай
дара қазақта»
Абайдың 175
жылдығы.

4-БЕТ

«Жалынды жастар-
болашаққа жол
бастар» олимпиада
жеңімпаздарының
фото галереясы.

Н.Ш.Халилина


«Құстар біздің
досымыз».

Сурет галереясы

Ұлыстың ұлы күнінде,
Бай шығады балбырап.
Қасында жас жеткіншек,
Тұлымшағы салбырап.
Келіншек шығар керіліп,
Сәукелесі саудырап.
Қыз шығады қылмиып,
Екі көзі жаудырап.
Бозбала шығар бұрқырап,
Ақбөкендей сырқырап.
Құл құтылар құрықтан,
Күң құтылар сырықтан.
Кетік ыдыс, шөміштің,
Түтіні шығар бұрқырап.
Шәкәрім Құдайберді ұлы

Біреуім екеу болды - мал қосылды,
Қораға бұзау, лақ, қозы толды.
Ызғарлы суық қыстың кәрі кеміп,
Аспаннан күн күлімдеп, шырай оңды.
Ұзамай қарда кетер, жаз да болар,
Сай-сала гүрілдесіп суға толар.
Бөленіп жер жібекке, мың құлпырып,
Шалғынға көкорайлы ауыл қонар.
Жаз иісі бүгін келді, жан жайланды,
Кешегі көрген бейнет артта қалды.
Өмірге жаңа жолдар ашатұғын,
Жаңа жыл - бүгінгі күн, жаздың алды.

Бейімбет Майлин





Анаға бас иеміз



ФАРИДА
ОНҒАРСЫНОВА

Анама

Кеудеңде мені
тербеттің, жас шыбық
енді көктеді.
Мінеки мен де ер жеттім,
еңбегің бекер кетпеді.
Өмірде мынау ең жақын,
аяулым сенсің, анашым!
Болмаса мейлі зор даңқың,

мен үшін бірақ данасың.

Мейірім төккен нұр жүзің тұрғандай сезем
жанымда.

“Адал бол, - деуші ең, - жұлдызым”, сақталды сөзің
жадымда.

“Игі еңбек түбі осы - ау” дер көргендер жеміс

Анашым



Мұқағали Мақатаев


Асыл анам, есіл анам,
Елжіреп есіркеймін, есіме
алам.

Мен үшін сен суалтқан ақ
сүтіңді

Ақтамасам, боп жүрмін
несіне адам.

Алыс жолда жүрсем де арып-ашып,
Ағат ойлап түсірмей жаныңа шық,
Оқытып кешеу барған хаттарымды
Отырмысың үрпіп, жаның ашып?

Өткізіп талай жылды, ай, аптаны,
Оқуын ұлың жақсы аяқтады.
Анашым, білем сені, қарсы емессің
Кеттім мен тың даланы оятқал



«Өнегелі өмір» жобасы аясында ҚарМУ докторанты Смағұлов Нұртас Бірлікұлымен кездесу




Гимназиямыздың "Өнегелі өмір" жоба аясында жоғарғы сынып оқушыларымен Смағұлов Нұртас Бірлікұлымен кездесу өткізілді. Кездесу барысында Нұртас Бірлікұлы өзінің тарих ғылымы саласына қалай келгенің, оның сол өткелдердегі қызықты жайытарына тоқталды. Сонымен қоса бүгінгі жастардың мамандық таңдау мәселесін көтере отырып, оқушылар қойған сауалдарға да толыққанды жауап берді. Жас ғалым тек қана тарих қана емес, басқа салалар бойынша да бір іркілген жоқ. Атап айтар болсақ, елімізде сұранысқа ие мамандықтар мәселесі және елімізге қажетті мамандықтарға жастарды тарту жөніндегі ойларын ортаға салды. Қандай мәселені көтерсе де, Нұртас Бірлікұлы ғалым ретінде терең дайындығының бар екен-дігін айқын байқатты.

Қонағымыздың жаста болса елімізге сіңірген осындай келелі ісімен соңына өнегелі өмір жолын қалдырды. Қазақстанның дамуына үлес қосқан тарих саласында жазған ғылыми еңбектері мол мұра ре-тін-де сақталатыны сөзсіз. Оқушыларға Ұлы Абай мен әлемнің екінші ұстазы Әл-Фарабидің ұлағатты сөздерінің мән мағынасы мен негізгі идеяларын сараралап берді. Осы мақаланы жазудағы мақсатым, жас тұлғаның атқарған ауқымды істерін оқушыларға жеткізу болса, екіншіден, еліміздің енді қадам басып келе жатқан өрендеріне Нұртас Бірлікұлындай Ота-нымызға адал қызмет жасап, халық алдында абыройлы болып, әрдайым адамгершілігі мен парасатты мінезімен кел-бетті болуға ұмтылуға үндеу.

Тарих пән мұғалімі: А.А.Тусипханов
10-сынып Әубәкір Аяулым



«Абай дана – Абай дара қазақта» Абайдың 175 жылдығы.



Ұлы ақын өлеңдері Абайдың көзі тірісінде халық арасында жатталып, кеңінен таралып, ауыз әдебиетінің жауһарына айналып үлгерді. М.Әуезовтің «қазақ ортасында Абайдың шығармаларын сүйіп, сүйсініп оқып, ұзатылар кезінде Мүрсейіт, Самарбай, Дайырбай сияқты көшірушілерге жаздырып алып, өздерінің жасау сандығына салып алып кеткен бір топ қыздарды білеміз», – деген сөздері ақын шығармаларының қолжазба түрінде де көшіріліп таралғанын айғақтайды.

Абайдың өміріне қатысты қызықты деректер

- Абай Құнанбайұлының шын есімі - Ибраһим. Әжесі Зере "Абай" деп еркелеткеннен кейін "Абай" атанып кеткен;
- Құнанбайұлы көптеген өлеңіне өзі ән жазған. Олардың ішінде кеңінен тарағаны – "Көзімнің қарасы";
- Абай Құнанбайұлы алғашқы өлеңдерін Көкбайдың атынан жариялап жүрген;
- Абай Құнанбайұлы 13 жасында ел басқару жұмысына араласқан;
- Абай Құнанбайұлының алғашқы махаббаты – Тоғжан;
- Абай Құнанбайұлы 1860 жылы Ділдәмен отау құрған. Ол кезде Абай 15 жаста болды;
- Абай Құнанбайұлы 16 жасында әке болды;
- Абай Құнанбайұлы 21 жасында болыс болып сайланды;
- Абай Құнанбайұлы екінші әйелі Әйгерімге 30 жасында үйленген;
- Еркежан - Абайдың әмеңгерлік жолмен үйленген әйелі. Ол Абайдың інісі Оспанның қалыңдығы болған. Еркежан Абайға өз қалауымен тұрмысқа шыққан;
- Абай Құнанбайұлының 36 жасында тұңғыш немересі Дубәкір дүниеге келді.



« Сенде бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар , қалан ... »

Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ұстазы, тәлімгер, данышпаны. Біздің ата-анамыз, ата-бабамыз барлығы Ұлы Абайдың өлеңдерімен сусындап, тәлім алып өсті. Сан құбылған қоғамда өзінің Адам екендігін ұмытпай, мейірімділік, адалдық, сүйіспеншілік деген жалпыадамзаттық құндылықты ұмытпай, барлық әлемге «қонақжай қазақ», «мейірімді қазақ елі», «данышпан қазақ елі» деген атпен танылып келеді. Мен өзімнің Абай атамның ұрпағы екендігіме мақтанамын. Оның өлеңдері мен қарасөздерінің ең басты тақырыбы – Адам болды, ал өлеңдеріндегі құндылықтың бірі – Адам тәрбиесі. Егер Адам қоғамда өзіндік ақылы, қайраты, нұрлы жүрегін тең ұстай алмаса, оның жыртқыштан айырмашылығы қалмайтындығын айтып өтті. Өлеңдерінде ғана емес, өмірінің соңында жазған қарасөздерінде де осы әр адамды адамгершілік жағынан жетілдіруді көздейді.

Қазақ жұртының болашағы, ертеңі жайлы ой толғап өмір сүрген Абай бабамыздың мұрасынан зор тағылым алуға болады. Мен Абай атамның «Күз», «Қыс» т.б. өлеңдерін балабақша кезімнен естіп, жаттап өстім. Мектеп табалдырығын аттағалы Абай атамның өлеңдерін жатқа айтып, қарасөздерін ерекше сезіммен оқимын. Биылғы жыл - Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы. Ел болып, жұрт болып бірге тойлауды тапсырған Елбасымыздың жарлығы мені қуантты, өйткені әр қазақстандықтың өз орнын, еңбек жолын табуға көмектескен Абай шығармалары. Оның «Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» атты өлеңі кімді болмасын толғандыратындығы сөзсіз. Мектеп оқушысы болсам да, бұл өлеңін оқып, үлкен сабақ аламын. Болашағымды ерте жастан ойлауға, білім мен ақыл, сабырдың қаншалықты маңызын түсінемін.

Ата-анам менің жақсы адам болғанымды қалайды. Әрдайым ақылдарын айтады. Менің ақылды, білімді, танымал адамдарға ұқсағым келеді. Өзім де ата-анамды, ұстазымды, Абай атамның шығармаларын оқып, тыңдап, мейірімді, адал, білімді болып өсуге талпынып жүремін.

«Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан», - деген үндеуінен қазақ жастарының жолын ашып, бетін түзеп, адамдық көшіне бастап тұрғаны байқалады. Сондықтан мен де, оқу мен білім тең ұсталған қоғамда өз орнымды тауып, белгілі маман иесі болып, Елімнің болашағы үшін еңбек етіп, ата-анамның еңбегін ақтау үшін мықты бір кірпіш болып қалануым қажет деп санаймын. Мектепте оқып жүріп – ақ мен өзімнің болашақ мамандығымды ойлап жүрмін. Себебі, мамандық тандау - ең үлкен жол. Ол жолға түсу үшін жақсылап ойланып, өз жанына жақын, сүйіп тандауды қажет ететін дүние. Әрқайсымыз өмірде бір кетік тауып соған мықтап қалануымызды мақсат етуіміз қажет.

Орта білімді аяқтауыма аз жылдар қалды. Енді менің жолымда мамандық тандау жолы тұр. Халық айтады ғой: "Бұл өмірде мамандық тандау мен жар тандаудан қателеспе" - деп. Сол айтқандай, менің тандаған мамандығым арқылы жоғарыда айтып өткендей халқыма көмегімді тигізсем екен деп армандаймын. Мен болашақта мемлекеттік елші болғым келеді... Шындығын айтқанда, бұл мамандық жайлы осы уақытқа дейін көп естіген емеспін, бірақ көп жаңалықтарды естіп, еліміздің елшілері жайлы көріп жүремін. Олар- білімді, көп тіл білетін, ақылды, салмақты, ел бірлігін ойлап жүретін, елге адал қызмет ететін жандар. Бұл мамандық жайында ата-анаммен де сөйлестім, олар мен армандап жүрген мамандықтың ауыр жолын да түсіндірді, бірақ та мен әлі өз ойымды өзгертпедім. Бұл мамандықты білу үшін толығырақ ақпарат жинап білейін деп ғаламтордан да мәліметтер қарап жүремін. Қазақстанның басқа да дамыған елдерімен бейбітшілік, достық қарым-қатынас орнатуына үлес қосып, шетелдегі қазақстандықтардың тапсырмасын орындау, қиналып жүрсе мұнын тыңдап, жұбату мен үшін үлкен шаруа болатындығын түсініп, адал орындайтын маман иесі боламын. Бұған үлкен жүрек иесі ғана бара алады дер едім. Сондай үлкен жүрек иесі болу- менің де арным. Арғаным мен мақсатымның орындалуында Абай бабамыздың шығармалары мені жігерлей түседі.

7 «Ә» сынып Турсун Максұт
пән мұғалімі: Ж.Ж. Намазбаева

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

«ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР-БОЛАШАҚҚА ЖОЛ БАСТАР» ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫНЫҢ ФОТО ГАЛЕРЕЯСЫ.

Әликаримова Жұлдызай
Қазақ тілі, әдебиеті
10 – сынып, 2-ОРЫН
пән мұғалімі:
Ж.С. Тілеубергенова



Булат Аян
Биология
10 – сынып, 3-ОРЫН
пән мұғалімі:
Қ.С. Балапанова



Қауаз Нұрайым
Қазақ тілі, әдебиеті
11 – сынып, 3-ОРЫН
пән мұғалімі:
С. К. Кииковна




Қордабаев Алмат
Биология
11 – сынып, 3-ОРЫН
пән мұғалімі:
Қ.С. Балапанова



Әубәкір Аяулым
Қазақстан тарихы
10- сынып, 1-ОРЫН
пән мұғалімі:
А.А. Тусипханов



Жамшитова Камила
Орыс тілі
10 – сынып, 2-ОРЫН
пән мұғалімі:
Б.И. Амангельдинова



Сағатбеков Алихан
Математика
9 – сынып, 3-ОРЫН
пән мұғалімі:
С. Хабдолла




Саламат Айгерім
Орыс тілі
11 – сынып, 1-ОРЫН
пән мұғалімі:
Б.И. Амангельдинова



Мустояпова Темира
Қазақстан тарихы
9 – сынып, 3-ОРЫН
пән мұғалімі:
М.С. Сулейменова



ҚҰСТАР БІЗДІҢ ДОСЫМЫЗ



Меншік иесі:
№92
ГИМНАЗИЯ»КММ
Бас директоры
Қ.Т. Сейтимбетова

Бас
директордың
шығармашылы
қ жөніндегі
орынбасары
Ш.Ө. Алиева

Бас редактор
Ф.Д. Абдугалиева
Тілшілер
Ж.С. Тлеубергенова

Көркемдеуші-
дизайнер
Б.К. Абылкаиров
Жауапты хатшы
Әбенев Бекнияз

Корректорлар
«Kitaptime»
мүшелері;
8 «Ә» сынып

Мекен - жайымыз
Ерубаета 43А
e-mail: sch92@kargoo.kz
Байланыс телефондары:
8(72-12)47-92-39